

Бекітемін:
«Құралай апа» бөбекжай балабақша
меңгерушісі: *А. Таженова* А



2024 – 2025 оқу жылының педагогикалық кеңес жоспары және хаттамалары

Мақсаты: Тәрбие-оқыту процессінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсендету, практикада педагогикалық ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені қолдану, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтардың жаңа пікірлерімен толықтыру.

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
№1 Пед. кеңес			
1.	Тақырыбы:«Аталар, аналар, әжелер мектебінің маңызы»	Тамыз	Б/б меңгерушісі
2.	Мақсаты:		Әдіскер
3.	әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату;		тәрбиешілер
4.	- балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;		
5.	Күн тәртібі: 1. Жаңа оқу жылының педагогикалық кеңес мүшелерін анықтап, хатшы сайлау 2.Жаңа оқу жылының 2024-2025 Мектепке дейінгі ұйым нұсқау хатын талқылау 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту, (тәрбиешілердің перспективалық жоспарын бекіту) 3. «Аталар, аналар, әжелер» мектебінің маңызы		
№2 Пед. кеңес			
1.	Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.	Қазан	Әдіскер
2.	Тақырыбы: «Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта құру»		Барлық топ тәрбиешілері
3.	Мақсаты: - мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау; - тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау		Барлық топ тәрбиешілері Медбике
4.	Күн тәртібі:		
5.	1.Балалардың мдү-да қауіпсіздігі мен жайлылығын құру туралы есеп (меңгеруші)		

	2. Дамытушыортанықұруғаұсынымдардың орындалуы (Шаруашылық меңгерушісі)		
	3. Циклограмманың «Ұйымдастырылған іс-әрекет» бөлімін құрастыруда ұсынымдар (Әдіскер)		
№3 Пед. кеңес			
1.	Өткен пед. кеңес шешімінің орындалуына есеп беру.	Қаңтар	Менгеруші Барлық топ тәрбиешілері
2.	Тақырыбы: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы».		
3.	Күн тәртібінде: 1.1-ші жартыжылдық жұмыс қорытындысы, аралық мониторинг бойынша есеп		
4.	2.Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелік шараларды ұйымдастыруды бақылау бойынша есептер		
	3. «Аналар және әжелер мектебі» , «Әкелер мектебі» бойынша атқарылып жатақан жұмыстардың есебі.		
	4.Психологиялық тренинг, Педагогтар мен жұмысшылардың сергіту сәті		
	5. СанПин талаптарының орындалуы (Медбике)		
№4 Пед. кеңес			
1.	Өткен педкеңес шешімінің орындалуына есеп беру.	Наурыз	Әдіскер
2.	Тақырыбы:«Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет»		
3.	Мақсаты: баламалы энергия көздерін, су ресурстарын үнемдеу және сақтау, оларды тиімді пайдалануға (су, ауа, күн энергиясы) баулу;		
4.	Күн тәртібінде: 1. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»		
5.	2.Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет жылдық жоспарындағы ктілген шаралар бойынша есеп		
	3.Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар		
№5 Пед. кеңес			

1	Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылының қорытындылары».	Мамыр	Әдіскер
2	Мақсаты: Балабақшаның оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу		Тәрбиешілер
3	1. №4 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасау		Меңгеруші
4	2. Оқу процесінің жылдық қорытындысы		
5	3..Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстыру		
	4.Мектепке дейінгі ұйымдарда таңғы жаттығуларды бақылау парағы,Мектепке дейінгі ұйымдарда серуенді бақылау парағы,		тәрбиешілер
	Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған іс-әрекетті бақылау парағы бойынша жүргізілген бақылауларға талдау жасау.		әдіскер

Тақырыбы: «Аталар, аналар, әжелер мектебінің маңызы»

Мақсаты: әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату;

- балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылының педагогикалық кеңес мүшелерін анықтап, хатшы сайлау
2. Жаңа оқу жылының 2024-2025 Мектепке дейінгі ұйым нұсқау хатын талқылау
- 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту, (тәрбиешілердің перспективалық жоспарын бекіту)
3. «Аталар, аналар, әжелер» мектебінің маңызы

Тыңдалды: Балабақша басшысы А.Таженова бірінші мәселе бойынша педагогтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы (төраға), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2023-2024 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Турусова С сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: әдіскер Ж.Бердалиева

Әдіскер Ж.Бердалиева 2023-2024 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде С.Турусова сайлауды ұйғарды

Екінші мәселе бойынша Әдіскер Ж.Бердалиева

Әдістемелік нұсқау хатта:

- тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды қолдану (сілтемелер);
- тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру;
- балаларға қазақ тілін үйрету;
- вариативтік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру;
- мерекелік шараларды ұйымдастыру;
- мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
- «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
- ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылғандығы туралы айтты.

Сонымен қатар биылғы 2024-2025 жылғы нұсқау хатта мәдениет пен қазақ тілінің дамуына, Әкелер мектебі мен Аналар мен әжелер мектебіне аса назар қойылғандығы айтылды.

Биылғы жылдық жоспарда Айтылған пункттер бойынша ерекшеліктер бар екендігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша Әдіскер Ж.Бердалиева Биылғы жылға дайындалған топтардың перспективалық жоспарын бағдарламаға сәйкес келетіндігін жас ерекшеліктеріне сай екендігін айта отырып, жоспарды бекітті.

Төртінші мәселе бойынша Әдіскер Ж.Бердалиева Балабақшалар жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін»,

«Әкелер мектебін» ұйымдастыру туралы мәліметтерді айта отырып жоспарды бекітті.

Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру үшін отбасы мен МДҰ-ның тығыз ынтымақтастығы қажет.

Ата-аналарды педагогикалық процеске тарту үшін:

балаларды дамыту мен тәрбиелеуде отбасының және МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру, әр тәрбиеленушінің отбасымен серіктестік қарым-қатынас орнату;

ата-аналарды, тәрбиеленушілер мен педагогтерді өзара түсіністік, ортақ мүдделер, қарым-қатынасқа оң көңіл-күй және қайырымды өзара қолдау атмосферасын құру;

ата-аналармен және балалардың заңды өкілдерімен сындарлы ынтымақтастық орнату үшін педагогтерді даярлау қажет екендігін айтты.

Бұл бағыттарды іске асыруда балабақшалар жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл шағын қауымдастықтың міндеті - ата-аналар мен балалардың арасында қарым-қатынас мәдениетін дамыту, өзара түсіністік, екіжақты сыйластық, сыпайылық сақтау, мейірімділік таныту, үлгі болу (ата-аналар, педагогтер және басқалар үшін), ұрпақтар сабақтастығын тәрбие жүйесіне енгізудің тиімді жолдарын қарастыру қажет деді.

МДҰ және отбасы тандемінде ұрпақтар сабақтастығының икемді және қолайлы жағдайларын жасай отырып, ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар көзі болып табылатын өмір бойы жалғасатын процесс ретінде тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру қажет. Қоғамда баланы тәрбиелеу және оның дамуы үнемі бірлескен әлеуметтік ортаға интеграцияланған. Бұл – ұлттық мәдени кодқа, іс-әрекеттің тәуелсіздігіне, Отан мен ана тіліне деген еркіндік пен мақтаныш сезіміне сүйене отырып, қазіргі заман жағдайында баланың бойында өмірлік дағдыларды қалыптастыру қағидатының негізі екендігін атап айтты.

Шешім: - 2024-2025 оқу жылының МДҰ жоспары, Топтардың перспективалық жоспары бекітілсін

-Педкеңес хатшысы бекітілсін.

-Әкелер мен аналар мектебі жоспары бекітілсін


-МДҰ-ның бақылау мен басшылық жоспары бекітіп әдіскерге бақылау жүктелсін.

Кенес төрайымы:



А.Таженова

Хатшы:



С.Турусова

Күн тәртібі:

- 1.Балалардың мдү-да қауіпсіздігі мен жайлылығын құру туралы есеп (меңгеруші)
Ф.Саттарова
2. Дамытушы ортаны құруға ұсынымдардың орындалуы (Шаруашылық меңгерушісі)
3. Циклограмманың «Ұйымдастырылған іс-әрекет» бөлімін құрастыруда ұсынымдар
(Әдіскер)

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында іс-әрекеттерді циклограмма енгізу. Ж.Бердалиева
Әдіскер

1-мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Таженова сөз алды:

Балалардың мектепке дейінгі ұйымда (МДҰ) қауіпсіздігі мен жайлылығын құру туралы есеп бойынша Қауіпсіздік шаралары- МДҰ-да қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бірқатар іс-шаралар өткізілгенін, Балаларға арналған арнайы қауіпсіздік ережелері мен нұсқаулықтар әзірленгенін, Ғимарат ішіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары қатаң сақталуда екендігін, Жабдықтар мен жиһаздар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес орналастырылып, олардың жарақат алу қаупін төмендету мақсатында жаңартылды-деді. Жайлылықты қамтамасыз ету бойынша Балалардың демалу және ойнау аймақтары қолайлы етіп жасақталғанын, Бөлмелердегі температуралық режим реттеліп, желдету жүйесі оңтайландырылғандығы, Санитарлық-гигиеналық талаптар толық орындалып жатқандығы туралы айтылды. Педагогтар мен қызметкерлер арасында қауіпсіздік бойынша үнемі оқыту жүргізіліліп тұратындығын айтты. Сонымен қатар медбикеге Балалардың денсаулығын қадағалау үшін медициналық тексерулер тұрақты түрде өткізіліп тұруды, Аурудың алдын алу мақсатында арнайы санитарлық-гигиеналық шаралар жүргізіліп отыруын қадағаланатыны туралы айтты.

2-Мәселе бойынша балабақша шаруашылық меңгерушісі Алыпбаева Жазира :
Дамытушы ортаны құруға ұсынымдардың орындалуы (шаруашылық меңгерушісі):
Шаруашылық меңгерушісі Балалардың зияткерлік және физикалық дамуына бағытталған жаңа оқу құралдары мен ойыншықтар сатып алынғандығын, Оқу және ойын алаңдары қайта жабдыкталып, балалардың қызығушылығын оятатын дамытушы материалдармен толықтырылды деді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер үшін арнайы материалдар мен құрылғылар қосымша жеткізілгендігін, оқу және ойын материалдарын қауіпсіз түрде орналастыруға ерекше мән беріліп отырғанын айтты. Барлық құралдар мен жабдықтар санитарлық стандарттарға сай, жүйелі түрде дезинфекция жасалып отыр деді. Ойын алаңы бойынша -Ауладағы ойын алаңдары қайта жабдыкталып, балалардың физикалық белсенділігін арттыру үшін түрлі құрылғылар орнатылғанын айтты. Бұл қауіпсіздік талаптарына сай жасалып, балалардың ойнау кезінде жарақат алу қаупі барынша азайтылды деді. Ғимараттағы барлық электр жабдықтары, терезелер мен есіктер балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тексеруден өткендігін айтты.

3-мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж.Бердалиева сөз алып

Әдіскерлер ұсыныстары бойынша циклограммада әрбір ұйымдастырылған іс-әрекет қауіпсіздік талаптарына сай жасалыну қажет екендігі,. Әр іс-шараның мақсаты балалардың қауіпсіздігі мен жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған болу қажет екендігі ескертіліп айтылды. Педагогикалық тәсілдер бойынша ,Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы дифференциалды тәсілдер қолданылып, оларды оқыту мен дамыту іс-шараларына толыққанды қатысуы қамтамасыз етілу қажеттігі айтылды. Тәрбие процесіндегі өзгерістер бойынша Әдіскердің нұсқаулары бойынша педагогикалық процестерде балалардың қауіпсіздік туралы білімдерін арттыруға бағытталған тақырыптық іс-әрекеттер енгізіліп , барлық іс-әрекеттер кіріктірілген күйінде көрсетілу қажет екендігі айтылды. Сонымен қатар жоспар бойынша режимдік сәтке біртұтас бағдарламасы аясында құрылған тақырыптар көрініс табу қадеттігі айтылды. Біртұтас бағдарламасы аясындағы жоспарға сәйкес тақырыптар балалардың жас ерекшелігіне қарай і топтың деңгейіне қарай ұйымдастырыу қажет екендігі ескертіліп айтылды.Бағдарлама бойынша іс-әрекеттер перспективалық жоспарға жазылмайтындығын, себебі біртұтас бағдарламада МДҰ бағдарламасы ескерілгендігі айтылды.

Қаулы:1. Балалардың мдұ-да қауіпсіздігі мен жайлылығын үнемі қадағалап отыру.

2. дамытушы орта материалдарының саны көбейтілсін.

3.Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы жоспар іс-әрекеті режимдік сіттерде көрініс тапсын.

Кеңес төрайымы:



А.Таженова

Хатшы:



С.Турусова

Педагогикалық кеңес

Хаттамасы №3

Мерзімі: Қаңтар

Мақсаты: Балабақшаның жарты жылдық есебін талқылау.

Күн тәртібінде:

- 1.1-ші жарты жылдық жұмыс қорытындысы, аралық мониторинг бойынша есеп
- 2.Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелік шараларды ұйымдастыруды бақылау бойынша есептер
3. «Аналар және әжелер мектебі»
, «Әкелер мектебі» бойынша атқарылып жатақан жұмыстардың есебі.
- 4.Психологиялық тренинг, Педагогтар мен жұмысшылардың сергіту сәті
5. Сан Пин талаптарының орындалуы (Медбике)

Бірінші мәселе бойынша Әдіскер Ж.Бердалиева сөйледі: 2024-2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығы бойынша білім беру, тәрбиелеу және дамыту бағытындағы жұмыстар сараланып, аралық мониторинг нәтижелері шығарылды. Бұл кезеңде мекеменің стратегиялық мақсаттарына сәйкес келесі жұмыстар атқарылды:

Бағдарламалық талаптардың орындалуы: Оқу-тәрбие жоспарына сәйкес барлық бөлімдер жүргізілді.

Балалардың даму деңгейі: Танымдық, шығармашылық, әлеуметтік және қимыл-қозғалыс дағдылары бойынша бағалау жүргізілді.

Педагогикалық қызмет: Тәрбиешілердің кәсіби біліктілігін арттыру шаралары ұйымдастырылды.

Ата-аналармен жұмыс: «Аналар және әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» аясында түрлі шаралар өткізілді, дей келе **Мониторинг нәтижелері көрсетілді.**

Балалардың даму көрсеткіштері

Даму бағыты	Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей
Танымдық даму	30%	60%	10%
Шығармашылық қабілет	50%	45%	5%
Қимыл-қозғалыс дағдылары	30%	50%	20%
Тілдік дамуы	20%	60%	20%

Балалардың жалпы даму деңгейі тұрақты, бірақ кейбір бағыттар бойынша қосымша жұмыстар қажет екендігі ескеріліп айтылды. **Сурет салу, құрастыру, мүсіндеу және жапсыру бойынша:** Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда жақсы нәтижелер байқалды. Педагогикалық шеберлікті арттыру мақсатында 2 семинар-тренинг өткізілді. Педагогтардың кәсіби дамуы бойынша курстарға қатысу деңгейі – 40% ді көрсетті. Негізгі мәселелер Балалардың сөйлеу дағдыларының баяу дамуы екендігі айтылды. Әдіске педогогтарға келесі жартыжылдыққа ұсыныстар айтты:

Балалардың шығармашылық белсенділігін арттыру үшін топтық жобалар ұйымдастыру
Дене шынықтыру мен қимылды ойындарға көбірек уақыт бөлу

Сөйлеу мәдениетін дамыту үшін театрландырылған қойылымдар көбірек өткізу
Педагогикалық құрамның біліктілігін арттыру мақсатында шеберлік сабақтарын ұйымдастыру

Екінші мәселе бойынша Әдіскер Ж.Бердалиева Мектепке дейінгі ұйымдарда 2024-2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығында ұйымдастырылған мерекелік шараларға бақылау жүргізілгенін, бұл шаралар балалардың шығармашылық қабілеттерін, ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын дамыту, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізілді деді. Педагогикалық ұжым іс-шараларға белсенді қатысты, балаларды дайындау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді деді. Балалар барлық шараларда белсенділік танытып, өз өнерлерін көрсеткенін, Кейбір шараларда ата-аналар белсенді қатысты, бірақ барлық іс-шараларға қатысу деңгейі әртүрлі болды. Балалардың ұлттық құндылықтарды шығармашылық пен зейінді дамыту барысында 11 Қыркүйек Отбасы күніне орай «Мен және менің отбасым» атты тәрбие сағаты, 1-Қазан «Қарттар күніне», 25-«ҚАЗАН РЕСПУБЛИКА КҮНІ»не ашық есік күні, «Алтын күз»тақырыптық ашық іс-әрекет, «1 –желтоқсан Президент күніне» тақырыптық іс-әрекет, «Тәуелсіздік тұғырым» тәрбие сағаты, «ҚОШ КЕЛДІҢ ЖАҢА ЖЫЛ» ЕРТЕҢГІЛІГІ ұйымдастырылғанын атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша Әдіскер Ж.Бердалиева жартыжылдық бойынша «Әке мектебі» мен «Аналар мектебі» бойынша жүйелі жұмыс жасалғандығын атап өтті. Жоспар бойынша «Асыл тәрбие ұл балаға әкеден» атты жиналыс, «Батамен ел көгерер» Әкемен баладан бата байқауы, «Бала тәрбиесіндегі әке жауапкершілігі» Әкелер жиналысы «Әкем мен болған сәттер» Бейнероликтер байқауы «Ынтымақты отбасы болу әкеден» Дөңгелек үстел ұйымдастырылғанын, ал «Аналар» мектебі бойынша «Қызға қырық үйден тыйым салу» тақырыбында қыз балаға тәрбие беру жолдары жиналыс, «Анаға қарап қыз өсер» Қыз сыны байқауы, «Өнерлі ана-талапты қыз» түрлі колөнер бұйымдарын жасау шеберлік сыныбы, «Қыз бала-тәрбиесі» дөңгелек үстел жиналыс, «Анам және менің бір күндік өмірім» Үй шаруасындағы бейнеролик байқауы ұйымдастырылғанын атап өтті. Іс-шараның барлығы өз кезегінде жүйелі өткендігін, ата-аналар белсене қатысқанын айты.

Төртінші мәселе бойынша психолог педогогтармен психологиялық тренинг ұйымдастырып, жиналысқа қатысушыларды сергітіп алды.

Бесінші мәселе бойынша Медбике А.Ізтілеу Мектепке дейінгі мекемеде санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын бақылау мақсатында тексеру жүргізілді. Бұл тексеру барысында асхана, топтық бөлмелер, ойын алаңдары, медициналық пункт және гигиеналық талаптардың сақталуы қадағаланғанын айтты. Балалардың жеке гигиенасын сақтау, Тамақтану сапасын тексеру, Топтық бөлмелердің санитарлық жағдайы, Дезинфекциялық шаралардың орындалуы, Ауаның тазалығы мен желдетілуін бақылау, Төсек-орын жабдықтарының тазалығын тексеру бойынша есеп берді. Мекемеде СанПиН талаптары негізінен орындалып жатқанын, Барлық санитарлық-гигиеналық нормалар сақталып, балалардың денсаулығын қорғауға бағытталған шаралар жүзеге асырылуда деді. Балабақша ауласында тазалау жұмыстарын тұрақты жүргізу қажет екендігін ескертіп айтып өтті.

Шешім:

Көбірек интерактивті ойындар енгізу, Сөйлеу дағдыларын дамытуда жаңа технологияларды меңгеру жүзеге асырылсын.

Ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту, ақпараттандыру жұмыстарын жақсарту жұмыстары ұйымдастырылсын.

Балаларға жеке гигиенаны сақтау бойынша қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргізілсін.

Кеңес төрайымы:



А.Таженова

Хатшы:



С.Турусова

«Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет»

Мақсаты: баламалы энергия көздерін, су ресурстарын үнемдеу және сақтау, оларды тиімді пайдалануға (су, ауа, күн энергиясы) баулу;
сюжетті - рөлдік ойындарды ұйымдастыру;
тірі және өлі табиғат объектілерін бақылауды күнделікті жүргізу;

Күн тәртібінде:

1. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
2. Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет жылдық жоспарындағы өтілген шаралар бойынша есеп
3. Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Бірінші мәселе бойынша Тыңдалды: Балабақша медбикесі А.Ізтілеу сөз алып балабақшада балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту – олардың толыққанды дамуы мен бақытты балалық шағының негізі. Бұл мақсатқа жету үшін келесі негізгі бағыттарға назар аудару қажет деді. Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі Балалардың физиологиялық және психологиялық қажеттіліктерін ескере отырып, күн тәртібін құру маңызды екендігін, Бұл олардың денсаулығын нығайтып, дене дамуын жақсартатындығын, тәбетін арттырып және ұйқысының толыққанды болуын қамтамасыз ететіндігін айтты. Шынықтыру және сауықтыру шаралары бойынша Балалардың ағзасын нығайту үшін табиғи факторларды пайдалану тиімді. Мысалы, таңертеңгілік жаттығулар, серуендеу, су процедуралары және массаждың қарапайым түрлері балалардың денсаулығын жақсартады деді. Дене тәрбиесі және қозғалыс белсенділігі Балалардың қимыл белсенділігін арттыру олардың дене дамуын қамтамасыз етеді және түрлі аурулардың алдын алады. Дене тәрбиесі сабақтары, спорттық ойындар мен жаттығулар арқылы балалардың қозғалыс дағдыларын дамытуға болады деді. Балабақша мен ата-аналар арасындағы тығыз байланыс та балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда маңызды рөл атқаратындығын, Ортақ күш-жігер арқылы ғана балалардың дені сау, бақытты және толыққанды дамуына қол жеткізуге болатындығын айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Абенова К сөз сөйледі: Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында жыл бойы жоспарланған іс-шаралар сәтті жүзеге асырылды. Бұл іс-шаралар балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін нығайтуға бағытталды. Аптасына бір рет өткізілген экологиялық сабақтарда балалар табиғат құбылыстары, өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы мәліметтер алды. Бұл сабақтар олардың экологиялық сауаттылығын арттырып, табиғатқа деген қызығушылығын оятты. Айына бір рет ұйымдастырылған табиғатқа экскурсиялар барысында балалар жақын маңдағы саябақтар мен ормандарға барып, өсімдіктер мен жануарларды табиғи ортада бақылап, олардың ерекшеліктерімен танысты. Бұл тәжірибе балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырды. «Ағаш отырғызу», «Қоқыстан тазарту» сияқты экологиялық акциялар ұйымдастырылып, балалар белсенді қатысты. Бұл шаралар олардың қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін нығайтты. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында сурет салу, көлөнер бұйымдарын жасау сияқты конкурстар өткізілді. Бұл конкурстар балалардың экологиялық мәселелерге деген көзқарасын білдіруге мүмкіндік берді. Ата-аналардың қатысуымен экологиялық тақырыптағы

семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылды. Бұл шаралар отбасында да экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етті. Жылдық жоспарға сәйкес өткізілген іс-шаралар балалардың экологиялық білімін арттырып, табиғатқа деген сүйіспеншілігін нығайтты. Алдағы уақытта да осындай іс-шараларды жалғастыру жоспарлануда.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж.Бердалиевасөз сөйледі: «Ата-аналарға арналған консультациялық пункттерді ұйымдастыру балалардың жан-жақты дамуы мен отбасындағы тәрбиені қолдауға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Бұл пункттер мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналарына әдістемелік және консультациялық көмек көрсетуді мақсат етеді. Консультациялық пункттер білім басқармасының (бөлімінің) шешімі бойынша мектепке дейінгі ұйымдар базасында құрылады. Ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету. Балалардың дамуындағы мәселелерді анықтау және диагностикалау, дене бітімі, психологиялық және әлеуметтік дамуындағы ауытқулардың алдын алу». Ата-аналарға балалардың денсаулығы, тамақтануы, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша ақпараттық қолдау көрсету деп айтты. Осы ұсынымдарды орындау арқылы ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің тиімді жұмысын ұйымдастырып, балалардың жан-жақты дамуына және отбасындағы тәрбиенің сапасын арттыруға қол жеткізуге болады деді.

Шешімі: Бала денсаулығын шынықтыру және сайықтыру бойынша қосымша жоспар құрылсын.

Наурыз, Сәуір айларында аулада ағаш, гүл отырғызу шаралары балалармен бірге жүргізілсін.

Консультативтік пункт бойынша кеңес бері шараларына логопед жоспары бекітілсін.

Кеңес төрайымы:



А.Таженова

Хатшы:



С.Турусова

Тақырыбы:

«2024–2025» оқу жылының қорытындылары»

Мақсаты:

Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын сараптау, жыл бойы атқарылған жұмыс нәтижелеріне талдау жасау, келесі оқу жылының басым бағыттарын айқындау.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №4 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасау. Оқу процесінің жылдық қорытындысы
2. Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстыру
3. Мектепке дейінгі ұйымдарда таңғы жаттығуларды бақылау парағы, Мектепке дейінгі ұйымдарда серуенді бақылау парағы, Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған іс-әрекетті бақылау парағы бойынша жүргізілген бақылауларға талдау жасау.

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж.Бердалиева 2024–2025 оқу жылының екінші жартысында өткізілген №4 педагогикалық кеңесте балабақша педагогтарының кәсіби құзыреттілігін арттыру, балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, ұлттық тәрбие мен денсаулық сақтау бағытын күшейту сияқты маңызды мәселелер қаралғандығын айтты. Кеңесте қабылданған шешімдер оқу-тәрбие процесін жетілдіруге бағытталған нақты іс-шаралармен бекітілді дей келе, №4 педкеңестің шешімдерін жүзеге асыру барысында бірнеше бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілді деді. Педагогтердің кәсіби дамуы, Педагогтер арасында шеберлік сағаттары, тәжірибе алмасу семинарлары мен ашық оқу іс-әрекеттері ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар педагогикалық әдіс-тәсілдерді жаңарту мен инновациялық технологияларды енгізуге мүмкіндік берді. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің сапасы Кеңесте айтылғандай, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің мақсаттылығы мен балалардың жас ерекшелігіне сәйкестігін қамтамасыз ету міндеті қойылған болатын. Бұл бағытта бақылау парақтары негізінде мониторинг жүргізіліп, оқу процесінде ұлттық мазмұнды интеграциялау мен ойын әдістерін тиімді қолдану байқалды. Ұлттық құндылықтар мен патриоттық тәрбие Балаларға ұлттық ойындар, ертегілер, салт-дәстүрлер мен атақты тұлғалар туралы танымдық іс-шаралар жүргізіліп, балалардың туған жерге деген сүйіспеншілігі, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді құндылықтары дамытылды. Дене шынықтыру және салауатты өмір салты Таңғы жаттығулар мен серуендерді тиімді ұйымдастыру бойынша әдістемелік көмек көрсетіліп, педагогтер күнделікті қозғалыс белсенділігін арттыруға назар аударды. Ауа райына сай киіну, жеке бас гигиенасы, дене шынықтыру жаттығулары тұрақты орындалды. Қауіпсіздік және тәртіп Жол ережелері, қауіпсіздік техникасы және баланың өзін-өзі қорғау дағдыларын қалыптастыру бойынша оқу-тәрбие жұмыстары жалғасын тапты. Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында байланыс орнатылып, қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулықтар жүргізілді деді. Қорыта келе алынған соңғы қорытынды мониторингпен таныстырып, Жалпы алғанда, №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер жоспарға сай кезең-кезеңімен орындалғанын, Педагогикалық ұжым тарапынан белсенділік пен жауапкершілік байқалды деді. Бұл жұмыстар балалардың жан-жақты

дамуына оң әсерін тигізді. Сонымен қатар, орын алған кейбір әдістемелік кемшіліктер келесі оқу жылында түзету шараларын қажет етеді деп айтты.

Ұсыныс:

Келесі педагогикалық кеңестерде нақты нәтижеге бағытталған мониторинг құралдарын жетілдіру және педагогтер арасында тәлімгерлік жұмыстарды күшейту ұсынылады.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж.Бердалиева Жаз – балалардың денсаулығын нығайтып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғатпен етене жақын болуға мүмкіндік беретін маңызды кезең. Балабақшада бұл мезгіл арнайы жоспар негізінде ұйымдастырылып, балалардың жазғы демалысын мазмұнды әрі пайдалы өткізу мақсат етіледі деді. Әдіскер жаздың әдістемелік жоспарымен таныстырып өтті.

Жазғы кезеңге арналған оқу-тәрбие жұмыстары бірнеше бағыт бойынша ұйымдастырылады: Салауатты өмір салтын қалыптастыру:

Жаз айында балалардың қозғалыс белсенділігін арттыруға, таза ауада көбірек болуын қамтамасыз етуге баса назар аударылған. Жоспарда күн сайын таңғы жаттығу, таза ауадағы серуендер, спорттық жарыстар мен қозғалмалы ойындар қарастырылған. Бұл балалардың иммунитетін нығайтып, денсаулығын жақсартуға бағытталған.

Шығармашылық және зияткерлік дамыту:

Балалардың жазғы шығармашылық әлеуетін ашу үшін сурет салу, ермексазбен жұмыс, музыка және драма үйірмелері, асфальтқа сурет салу байқаулары ұйымдастырылады.

Логикалық тапсырмалар, ұлттық ойындар арқылы ойлау қабілеті мен сөйлеу тілі дамытылады. Табиғатпен таныстыру және экологиялық тәрбие:

Табиғат құбылыстары, жануарлар мен өсімдіктер әлемі туралы түсініктерді кеңейту мақсатында бақылау жұмыстары, табиғи материалдармен ойындар, су және құммен тәжірибе жасау қарастырылған. Сонымен қатар, балалар гүлдерді күтіп-баптауға, таза ауада тазалық сақтау ережелерін ұстануға үйретіледі. Ұлттық тәрбие және адамгершілік құндылықтар:

Жоспарға халық ертегілері, мақал-мәтелдер, салт-дәстүрге негізделген танымдық ойындар мен іс-шаралар енгізілген. Балалар туған жерін, отбасын сүю, үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу сияқты адамгершілік қасиеттерге тәрбиеленеді. Балалар мерекелері мен көңіл көтеру:

Жоспарға 1 маусым – Балаларды қорғау күніне арналған мерекелік концерт, ойындар күні, қуыршақ театры, еркін ойын күндері мен көңілді жарыстар енгізілген. Бұл балалардың әлеуметтік дағдыларын, ұжымда өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді деп әо бөлімге тоқталып өтті.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж.Бердалиева Таңғы жаттығуға жасалған бақылау бойынша Талдау нәтижесі бойынша таңғы жаттығу барлық топтарда күнделікті өткізіледі. Балалар жаттығуға қызығушылықпен қатысады. Жаттығулардың мазмұны маусымға сай таңдалып, қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған.

Кейбір тәрбиешілер жаттығуларды музыкамен немесе санамақтармен байланыстыра отырып ұйымдастыру арқылы балалардың қызығушылығын арттырған деді.

Ұсыныс: Жаттығулардың мазмұнын түрлендіріп, ұлттық қимылды ойын элементтерін жиі қолдану ұсынылады. Серуенге жасалған бақылау бойынша Серуен уақытында балалардың еркін қозғалуына, қоршаған ортамен танысуына, дербес ойындар ұйымдастыруына жағдай жасалған. Тәрбиешілер бақылау кезінде маусымға сай табиғи құбылыстарды түсіндіру,

бақылау, әңгімелесу арқылы балалардың тілін және дүниетанымын дамытуға тырысқан деді.

Ұсыныс: Серуен алдында педагог бақылау және танымдық мақсаттарды нақтылап алуы керек. Экологиялық тәрбиеге ерекше мән беру ұсынылады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне жасалған бақылау бойынша, Көптеген топтарда оқу іс-әрекеті балалардың жас ерекшелігіне сәйкес ұйымдастырылған. Тәрбиешілер әртүрлі әдіс-тәсілдерді (ойын, көрнекілік, қимыл, тәжірибе, сұрақ-жауап) тиімді қолданған. Балалардың белсенділігі мен қызығушылығы жоғары деңгейде байқалды. Кей жағдайларда топтағы жеке балалардың даму деңгейі мен ерекшеліктері ескерілмей, тапсырмалар тым жеңіл немесе күрделі болған деді.

Ұсыныс: Индивидуалды тәсілді жиі қолдану, дамытушы ортада көбірек балама нұсқалар ұсыну

ШЕШІМДЕР

№4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуын қанағаттанарлық деп есептеу.

1. Оқу процесінің жылдық қорытындысы бойынша балалардың даму деңгейі жас ерекшеліктеріне сай деп танылсын.
2. Жаз мезгілінде сауықтыру, танымдық, ойын іс-әрекеттерін жүзеге асыруды бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.

Кеңес төрайымы:



А.Таженова

Хатшы:



С.Турусова